

**"Жеке адамдардың табыс салығын төлеуі мен есептеу тәртібі туралы" N 40
Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Бекітілді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрі 1999 жылғы 5 мамыр N 457. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 мамырда тіркелді. Тіркеу N 778. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН: Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі: 39. "Жеке тұлғалардың табыс салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрілігінің 1999 жылғы 5 мамырдағы N 457 V990778_ бұйрығы. ----- "Жеке адамдардың табыс салығын төлеуі мен есептеу тәртібі туралы" N 40 V950073_ Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №II тарау 6-тармақта: мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын: "Табыс салығын төлеушілер өздері тұрған жер бойынша салық төлеуді жүзеге асырады". 4-абзацта "Ескерту" деген сөз алып тасталсын; мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: "Резидент емес - осы Нұсқаулықтың 4-абзацына сәйкес резидент болып танылмайтын жеке адам.". III тарау 15-тармақта: м) тармақшаның екінші абзацында "бағалы қағаздар жөнінде" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы "н" тармақшасымен толықтырылсын: "н) экспорттау кезінде төмендетілген құны бойынша сатылған қаражаттардан түскен кірістер". IV тарау 17-тармақта:

д) тармақшасында "түпкілікті 15% ставкасында салынатын" деген сөздер " Қазақстан Республикасындағы төлем көзіне бұрын салынған" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы "ж" тармақшасымен толықтырылсын:

"ж) Қазақстан Республикасындағы төлем көзіне бұрын салынған жеке адамдар алған сыйақы (мүдде)".

18 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке адамдардың жылдық жиынтық кірісінен оны алумен байланысты барлық шығыстар, соның ішінде табыс салығы салынатын еңбекақы төлеу, қызметкерлеріне материалдық және әлеуметтік игіліктер беру (негізгі қаражаттарды сатып алу, оларды белгілеу жөніндегі шығындар және күрделі сипаттағы басқа да шығындардан басқа) жөніндегі шығыстар, сондай-ақ зейнетақы жинақтау қорларына міндетті зейнетақы жарналары шегеріледі. Иссапарлар шығыстары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде шегеріледі."

Мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Шегерімдер кәсіпкерлік қызмет кірісін алумен байланысты шығыстарды растайтын құжаттар болған жағдайда жүргізіледі."

20 - тармақта:

"есепті кезең үшін" деген сөздер "есептелген" деген сөздің алдында жазылсын.

бірінші абзац мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы мен Лондон банкаралық рыногының ставкасы кредит (займ) алу сәтінде қолданылады."

26 - тармақта:

а) тармақшасында "28 және 29-тармақтары" деген сөздер "28, 29 және 32" деген сөздермен ауыстырылсын.

30 - тармақта:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Оларды қаржыландыру көзі болған жағдайда, қарызға алынған қаражаттарды қоса алғанда, өндірістік мақсаттағы объектілер салуға (құрылыс салуға берілген кредит бойынша сыйақыны (мүдде) қоса алғанда) салық төлеуші жұмсаған нақты шығыстар өндірістік мақсаттарға арналған меншікті құрылысы бойынша шығыстар болып табылады. Шегеруге қабылданған құрылыс салуды аяқтау кезінде өндірістік мақсаттарға арналған меншікті құрылысы бойынша шығыстар сомасы топтың құндық балансын арттыруға жатпайды." 34-тармақта: Ескертуде: "кезеңде" деген сөздің алдында "(бір жылдан астам)" деген сөздермен толықтырылсын. 35-тармақта: а) тармағында "салықтардың" деген сөзден кейін "есептелген шегінде" деген сөздермен толықтырылсын; б) тармақшасында "тұрақсыздық төлемі" деген сөздердің алдында "есептелген шегінде" деген сөздер жазылсын, ал "және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар" деген сөздер алып тасталсын. 37-тармақта: бірінші абзацта "жылдық жиынтық" деген сөздер "салық салынатын" деген сөздермен ауыстырылсын. V тарау 45-тармақта: 3) тармақшада "15" цифры "20" цифрмен ауыстырылсын; 4) тармақша мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

"4) 65 еселенген жылдық есептік көрсеткіш және одан жоғарыдан 65 еселенген жылдық жиынтық есептік көрсеткіштің салық сомасы + одан асатын с о м а д а н 3 0 п р о ц е н т " ;

"5" және "6" тармақшалары алып тасталсын.

Мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Жеке адамдарға табыс салығы ставкасының өзгеруіне байланысты 1999 жылғы 1 сәуірден бастап жеке адамдарға табыс салығы бойынша салық жылы екі кезеңге бөлінеді: 1999 жылдың 1 қаңтарына 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін және 1999 жылдың 1 сәуірінен 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін. Мұның өзінде салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылатын коэффициенттер мен айлық есептік көрсеткіштердің мөлшері жеке есептеледі. 1999 жылғы 1 тоқсан үшін есептелген табыс салығы сомасын түзету есепті кезеңде жүргізіледі. 10-Б қосымшада 1999 жылғы жеке адамдарға табыс салығын есептеу мысалы көрсетілген, 10-В қосымшада 1999 жылға арналған жеке тұлғалардан табыс салығын есептеу к е с т е с і т і р к е л е д і . "

4 6 - т а р м а қ т а :

мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке адамдарға төленетін заңды тұлға-резидентке қатысу үлесін сатудан түскен кіріс, сондай-ақ жеке адамдарға төленетін дивидендтер төлем көзінде 15 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады және осы салықты төлем көзі ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған жағдайда одан әрі салық салуға ж а т п а й д ы . " ;

4 9 - т а р м а қ т а :

г) тармақшасында "жарақат алуы мен басқа да денсаулығына зиян тиюі нәтижесінде еңбек ету қабілетінен айрылуына байланысты және асыраушысынан айрылуына байланысты" деген сөздер "жазатайым оқиға немесе еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде кәсіптік ауруының нәтижесінде зардап шеккен қызметкерге жұмыс берушінің тигізілген зиян үшін жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырушылық өтеу сомасы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

ж) тармақшасы "сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы "е-1" тармақшамен толықтырылсын:

"е-1) табыс салығы салынған еңбекақы аударымдарынан құралған кәсіподақ бюджеті қаражатынан кәсіподақ мүшелері үшін материалдық көмек.";

мынадай мазмұндағы л) тармақшасымен толықтырылсын:

"л) олардың әскери қызмет міндеттерін атқаруына байланысты алатын ақшалай үлестер, ақшалай сыйақылар және әскери қызметшілерге басқа да

т ө л е м д е р . " ;

5 0 - т а р м а қ т а :

"жылдық жиынтық" деген сөздер "салық салынатын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

а) тармақшасы алып тасталсын ;

б) тармақшасында "Ақмола" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 50а тармақпен толықтырылсын:

"50а. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік агенттігі жасаған келісім-шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларына инвестициялар жүзеге асырған жағдайда салық төлеушілерге стандартты салық жеңілдіктері (бұдан әрі - жеңілдіктер) беріледі .

Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторлары Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің 1998 жылғы 07.08. N 131 1 қосымша қаулысымен бекітілген.

Инвестициялар бойынша жеңілдіктер табыс салығын төлеуден толық және ішінара босату түрінде беріледі.

Өндірістік инфрақұрылым, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы салаларында инвестициялық қызмет жүзеге асырылса, инвестициялардың жалпы көлеміне қарай келісім-шарт жасалған сәттен бастап 5 жыл мерзімге дейін қоса алғанда, салық салығын төлеуден 100 % босатылады және Астана қаласының объектілеріне, тұрғын үй, әлеуметтік сала мен туризм объектілеріне инвестициялар жүзеге асырса - 4 жыл мерзімге дейін. Келесі кезеңдерде 10 жылға дейін қоса алғанда, салық төлеушілерге жеңілдіктер табыс салығы ставкасын 50 %-ке дейін төмендету түрінде жеңілдік беріледі.

Табыс салығы бойынша жеңілдік берудің нақты мерзімі мен мөлшері әрбір салық төлеушіге жеке белгіленеді және жобаның басымдығы, уақыты мен өтелу шарттарына қарай келісім-шартта айтылады.

Келісім-шартта айтылған стандартты жеңілдіктердің күшінде болу мерзімі осы Нұсқаулықтың осы тармағында көрсетілген мерзімнен аспауы тиіс.

Табыс салығын есептеу кезінде мыналар жеңілдікті айқындау базасы болып табылады :

а) мақсаты - жаңа өндіріс құру болып табылатын қызметін жаңа бастаған салық төлеуші үшін :

салық салынатын алынған табыс ;

б) жұмыс істеуші салық төлеуші үшін:

келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы соңғы үш күнтізбелік жылдың бірінде алынған салық салынатын ең жоғары табыс салығының тиісті орташа жылдық инфляция индексіне (Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық

агенттігінің мәліметтеріне сәйкес) түзету енгізілген салыстырылған салық салынатын табыс салығының өсімі. Егер салық төлеуші үш жылдан аз жұмыс істесе - жұмыс істеген кезеңдегі (күнтізбелік жылдар) салық салынатын ең жоғары табыс салығымен салыстырылған салық салынатын табысының өсімі.

Жұмыс істеуші салық төлеуші үшін салық салудан босатылатын салық салынатын табыс өсімін айқындау кезінде келісім-шарт жасалғаннан кейін туындаған қызметті жүзеге асырудан алынған табыс ескерілмейді.

Жеңілдіктер айқындалатын базаны есептеуді салық төлеуші тіркелген жердегі салық органдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес жүргізеді.

Егер жеңілдік алуға өтініш берілген жылдың алдындағы соңғы үш жылда салық төлеуші залал шеккен болса, жеңілдік берілмейді.

Аталған жеңілдік берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда табыс салығы қолданыстағы заңдардың негізінде қаржы санкцияларын қолдану арқылы салық төлеушінің бүкіл қызметі кезеңі үшін бюджетке енгізіліп, есептелуге жатады."

Мынадай мазмұндағы VIa тараумен толықтырылсын:

"VIa тарау. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) келісім-шарт бойынша стандартты жеңілдік беру кезінде салық салудан босатылатын салық салынатын табыстың мөлшерін айқындау"

"1. Күнтізбелік жылдың басынан бастап келісім-шарт күшіне енген және алдыңғы үш жыл бойынша мәліметтер болған жағдайда. Келісім-шарт күшіне енген алғашқы жылы салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы мына формула бойынша есептеледі: $H-D \times P$, мұнда H - салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы; D - келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы үш жылдың біріндегі салық төлеушінің салық салынатын ең жоғары табысы; P - келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы үш жылдық кезеңдегі орташа жылдық инфляция индексі; салық салынбайтын табыс сомасын есептеу: $H \times D - X \times H$ мұнда, H - салық салынбайтын табыс сомасы; X - есепті кезеңдегі салық салынатын табыс сомасы; H - салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы. Келісім-шарттың келесі жылдары үшін салық салынатын табыс келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың салық салынатын ең жоғары сомасын салық салынатын табыс айқындалатын жылдағы инфляция индексіне көбейту арқылы инфляция индексіне түзетіледі. H - есепті жылдың алдындағы салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы; P_i - есепті жылдағы орташа жылдық инфляция индексі. 1 мысал. Жеке кәсіпкер А.Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01.12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 1.01. беріледі. Кәсіпкер А.Әубәкірұлының салық салынатын табысы мынадай: 1995 жылы - 100 шартты бірлік (ш.б.) 1996 жылы - 130 ш.б. 1997 жылы - 160 ш.б.

Келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы үш жылдағы орташа жылдық инфляция коэффициенті: 1995 жылы - 179,2 % ($1,393 \times 1,174 \times 1,096$) 1996 жылы - 128,7% ($1,174 \times 1,096$) 1997 жылы - 109,6% (1,096) Сонда, салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы 179,2 ш.б. ($100 \times 179,2$ %).

Егер А.Әубәкірұлы 1998 жылы 200 ш.б. сомасында салық салынатын нақты табыс алса, яғни 1998 жылы 20,8 ш.б. сомасында ($200 - 179,2$) салық салынатын табыстың бөлігіне салық салынбайды.

Егер А.Әубәкірұлы 1999 жылы 300 ш.б. сомасында салық салынатын нақты табыс алса, 1999 жылы орташа жылдық инфляция 108% құраса, яғни 1999 жылы 106,5 ш.б. сомасында ($300 - 179,2 \times 108\%$) салық салынатын табыстың бөлігіне салық салынбайды.

2. Егер келісім-шарт күнтізбелік жылдың басынан күшіне еніп, салық төлеуші үш жылдан аз жұмыс істесе. Салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы 1-тармақта келтірілген есептеуге сәйкес жүргізіледі, бірақ жұмыс кезеңі (күнтізбелік жылдар) үшін. 2 мысал. Жеке кәсіпкер А.Әубәкірұлы салық органында 1995 жылы 01.07. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 1.01. беріледі. Кәсіпкер А.Әубәкірұлының салық салынатын табысы мынадай: 1996 жылы - 130 ш.б. 1997 жылы - 160 ш.б. Келісім-шарт жасалған жылға қарай орташа жылдық инфляция коэффициенті: 1996 жылы - 128,7% 1997 жылы - 109,6% Сонда, салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы қызметінің алдыңғы екі жылында 175,3 ш.б. ($160 \times 109,6$ %) құрайдды.

Егер А.Әубәкірұлы 1998 жылы 200 ш.б. сомасында нақты табыс алса, онда 1998 жылы 24,7 ш.б. сомасында ($200 - 175,3$) салық салынатын табыс бөлігіне салық салынбайды.

3. Егер келісім-шарт күшіне күнтізбелік жылдың басынан басқа уақытта енсе және алдыңғы үш жыл бойынша салық салынатын ең жоғары табыс мәліметтері болған жағдайда жеңілдікті кезеңнің (q) айлары санының күнтізбелік жылдағы айлар санына қатынасы ретінде айқындалған коэффициентке (V) түзетіледі, яғни $(V) - (q) / 12$.

Салық салынбайтын табыс өсімі салық салынатын табыстың келісім-шарт жасалған сәттен бастап кезеңдегі салық салынатын табыс сомасы мен түзетілген салық салынатын ең жоғары табыс арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3 мысал.

Жеке кәсіпкер А.Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01.12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 01.08. беріледі.

Мұның өзінде А.Әубәкірұлы 1998 жылдың 5 айында 100 ш.б. мөлшерінде

салық салынатын табыс алды.

Алдыңғы үш жылдағы салық салынатын ең жоғары табыс - 179,2 ш.б. құрайды. Осы сома жеңілдікті кезеңнің ай саны ескеріліп, айқындалған коэффициентке түзетіледі, яғни $5/12 \cdot 0,417$. Сонда, салық салынатын орташа табыс 74,7 ш.б. ($179,2 \cdot 0,417$) құрайды. Табыс салығы салынбауы тиіс табыс өсімі 1998 жылы 25,3 ш.б. ($100 - 74,7$) құрайды.

4. Егер келісім-шарт күшіне күнтізбелік жылдың басынан басқа уақытта енсе және жеке кәсіпкер үш жылдан аз жұмыс істесе.

Жұмыс кезеңіндегі (күнтізбелік жылдар) салық салынатын ең жоғары табыс жеңілдікті кезеңнің (q) айлары санының күнтізбелік жылдағы айлар санына қатынасы ретінде айқындалған коэффициентке (V) түзетіледі, яғни $(V) \cdot (q) / 12$. Салық салынбайтын табыс өсімі салық салынатын табыстың келісім-шарт жасалған сәттен бастап кезеңдегі сомасы мен жұмыс кезеңіндегі (күнтізбелік жылдар) салық салынатын табыстың түзетілген ең жоғары сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

4 мысал.

Жеке кәсіпкер А.Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01. 12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 01. 08. беріледі.

Мұның өзінде А.Әубәкірұлы 1998 жылдың 5 айында 100 ш.б. мөлшерінде салық салынатын табыс алды. Алдыңғы екі жылдағы салық салынбайтын ең жоғары табыс 175,3 ш.б. құрайды. Осы сома жеңілдікті кезеңдегі ай саны ескеріліп айқындалған коэффициентке түзетіледі, яғни $5/12 \cdot 0,417$. Сонда салық салынатын ең жоғары табыс 73,1 ш.б. ($175,3 \cdot 0,417$) құрайды. Салық салынбайтын табыс өсімі 1998 жылы 26,9 ш.б. ($100 - 73,1$) құрайды. 5. Егер салық төлеуші алдыңғы үш жылдың бірінде немесе екеуінде залал шексе. 5 мысал. Жеке кәсіпкер А.Әубәкірұлы салық органында 1994 жылы 01.12. тіркелген. Агенттікпен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеңілдік 1998 жылғы 01.08. беріледі. А.Әубәкірұлының салық салынатын табысы: 1996 жылы - (+100) ш.б. 1997 жылы - (-130) ш.б. 1998 жылы - (-160) ш.б. Келісім-шарт жасалған жылға қатысты орташа жылдық инфляция индексі: 1996 жылы - 179,2 % 1997 жылы - 128,7 % 1998 жылы - 109,6 %. Сонда, салық салынатын табыстың ең жоғары сомасы 179,2 ш.б. құрайды. $179,2 - (100 \cdot 17,2\%)$ Егер салық төлеуші 1998 жылы 200 ш.б. нақты табыс алса, онда 1998 жылы 20,8 ш.б. мөлшерінде ($200 - 179,2$) салық салынатын табыс бөлігіне салық салынбайды. VIII тарау 65-тармақта: мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Мұның өзінде қаражаттардың құны тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) атаулары бойынша бөлмей есепті кезең үшін тұтас айқындалады.";

Мынадай мазмұндағы 65-1 тармақпен толықтырылсын:

"65-1. Үйлер, ғимараттар, құрылыстарды (бұдан әрі - құрылыстар) сату кезінде құнының өсімінен табыс осы құрылыстарды сату мен осы Нұсқаулықтың 24-тармағына сәйкес айқындалатын амортизация сомасына (инфляция түзетуін ескеріп) кемітілген құны арасындағы оң айырма болып табылады.

Құрылысты сатудың залалы осы құрылыстарды сату мен осы Нұсқаулықтың 24-тармағына сәйкес айқындалатын амортизация сомасына кемітілген құны арасындағы теріс айырма болып табылады."

"65-2. Ұзақ мерзімді қаражаттардың құнына оларды сатып алу, өндіру, салу, монтаждау мен қондыру жөніндегі, сондай-ақ салық төлеуші шегерім алуға құқығы бар шығындардан басқа олардың құнын арттыратын шығындар енгізіледі. Лизингке алынған (қаржы жалы) мүлік үшін сыйақы (мүдде) осы мүліктің құнын арттыруға жатады. Егер ұзақ мерзімді қаражаттардың бір бөліп ғана сатылса, онда ұзақ мерзімді қаражаттың құны сату кезінде сатылған және қалған бөлігі арасында бөлінеді.". 66-тармақта: б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: "б) бюджетке енгізілуі тиіс айыппұл санкциялары"; IX тарау 67-тармақта: "рыноктарда тауарларды сату құқығы үшін біржолғы алым төлеу" деген сөздер алып тасталсын. 71-тармақ 71-1 тармақ болып өзгертілсін. 71-1-тармақта бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"71-1. Жылдық жиынтық табыс туралы декларацияны салық қызметі органдарына салық тіркелген жері бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін мынадай салық төлеушілер тапсырады:"

д) тармақшасы алып тасталсын.

е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттары, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заңдар нормалары қолданылатын адамдар, мерзімдік әскери қызмет өткеруші әскери қызметшілерден басқа."

ж) тармақшасында "босатылғаннан кейін" деген сөздерден кейін "тұрғылықты жері бойынша салық органына" деген сөздермен толықтырылсын;

з) тармақшасы "тұрғылықты жері бойынша салық органына" деген сөздермен толықтырылсын;

Мынадай мазмұндағы тармақтармен толықтырылсын:

"71-2. Салық салу объектілері болып табылатын, оларға меншік құқығымен тиесін табыстар мен мүлік туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттары сайланған кезінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заңдар нормалары қолданылатын адамдар, мемлекеттік қызметке түскен, мемлекеттік лауазымдарға тағайындалған, мемлекеттік қызмет бойынша жылжыған мерзімдік әскери қызмет өткеруші әскери қызметшілерден басқа.

71-3. Қызметін тоқтатқан немесе Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары кеткен кезде салық қызметі органдарына жиынтық табыс салығы туралы декларацияны кез келген он екі айлық кезеңнің ішінде Қазақстан Республикасында 30 күннен астам уақыт болған немесе қазақстандық көзден 500 айлық есептік көрсеткіштен артық табыс алған жеке резидент емес тұлғалар тапсырады. "

"71a" тармағы "71-4" тармағына өзгертілсін.

71-4 тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"71-4. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оған теңестірілген қызметті атқарумен байланысты лауазымға кандидат болып табылатын адамдар, осы тармақта аталған адамдардың жұбайы (зайыбы) тұрғылықты жері бойынша салық органына декларацияны тапсырады.";

71b тармағы 71-5 тармағы болып өзгертілсін.

72 - тармақта :

Бірінші абзацта "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, табыс салығын салудан босатылған және (немесе) әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын табысы бар жеке адамдар олар бойынша жеке есеп жүргізіп, жиынтық жылдық табыс туралы декларация мен жүргізілген шегерімдерді қоса беріп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысанда осындай табыстар бойынша жеке есеп тапсыруға міндетті.". X тарау 76-тармақта: а) тармақшасында "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын. 77-тармақта: г тармақшасы алып тасталсын; д тармақшасында соңғы сөйлем алып тасталсын. 77-1 тармақпен толықтырылсын: "77-1. Салық салу мақсатында тауарлардың (жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің) бағасын белгілеу принциптері

1. Салық салу мақсатында тауарлардың (жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің) егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, тараптар көрсеткен бағасы қабылданады.

2. Салық органдары мынадай жағдайларда ғана мәмілелер бойынша бағалардың дұрыс қолданылуын бақылауға құқылы:

а) байланысты тараптар арасында;

б) тауар айырбасы бойынша (баспа-бас айырбасы);

в) ұксас (біртектес) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша салық төлеуші қолданатын баға деңгейінің (кез келген жағына 20 проценттен

астам) тоқсан шегінде едәуір ауытқыған жағдайда.

г) резидент еместер импорттайтын тауарлар, көрсететін қызметтер, орындайтын жұмыстар баға деңгейінің ұқсас (біртектес) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) рыноктағы баға деңгейінен едәуір асқан (20 проценттен астам) жағдайда.

3. 2-тармақтың а), б), в) тармақшаларында аталған жағдайларда мәмілелер тараптары қолданған тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бағалары кез келген жағына ұқсас (біртектес) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) рыноктағы баға деңгейінен 20 проценттен астам ауытқыса, салық органы осы мәмілелердің нәтижесі рыноктағы баға ескеріліп есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын жеткізе есептеу туралы шешім шығаруға құқылы. Мәміленің рыноктағы бағасын белгілеу үшін 77- тармақтың 4-13 тармақшаларында көзделген шарттар ескеріледі.

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) рыноктағы бағасы болып ұқсас (олар жоқ болса - біртектес) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) рыногында салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайларда ұсыныс пен сұраныстың өзара ұштасуынан қалыптасқан баға танылады.

4. Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) рыногы болып осы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) Қазақстан Республикасының аумағындағы немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі сатып алушыға қатысты жақын жерде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) сатып алушының нақты және қосымша едәуір шығындарсыз сатып алу мүмкіндігі ескеріліп айқындалатын айналыс аясы танылады.

5. Салық салу мақсаттарында байланысты тараптар болып мыналар танылады :

Олардың арасындағы өзара қатынас олардың қызметінің немесе олар өкілдігін білдірген тұлғалардың қызметінің жағдайларына немесе экономикалық нәтижелеріне тікелей әсер ететін жеке адамдар және (немесе) заңды тұлғалар, а т а п а й т қ а н д а :

а) бір тұлға екінші тұлғаның мүлкіне қатысып, бұл қатысудың үлесі 33 проценттен асса ;

б) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамдар неке қатынастарында, туыстық немесе жекжаттық, асыраушы мен асыралушы, сондай-ақ қамқоршы мен қамқорлыққа алынушы қатынастарында болса.

6. Оларға тән бірдей белгілері бар тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) ұқсас деп танылады.

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) ұқсастығын

айқындау кезінде олардың физикалық сипаттамалары, рыноктағы сапасы мен беделі, шығарған елі мен өндіруші ескеріледі.

7. Ұқсас болмаса да, сипаттамалары ұқсас және ұқсас бөліктерден құралуы нақ сондай қызметтерді атқарып, коммерциялық жағынан бірін бірі ауыстыра алатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) біртектес тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер).

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) біртектілігін айқындау кезінде олардың физикалық сипаттамалары, рыноктағы сапасы мен беделі, шығарған елі мен өндіруші ескеріледі.

Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) рыноктағы бағасы болып ұқсас (олар жоқ болса - біртектес) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) рыногындағы мәмілелердің экономикалық (коммерциялық) жағдайлары салыстырмалы болып танылады, егер осындай жағдайлар арасындағы айырмашылық бағаға әсер етпесе немесе 10 тармақшаға сәйкес түзетілуі мүмкін болса.

8. Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) рыноктағы бағасын айқындау кезінде бірі-бірімен байланысы жоқ тараптар арасындағы мәмілелер назарға алынады. Байланысты тараптар арасындағы мәмілелер олардың байланыстылығы осы мәмілелердің нәтижесіне әсер етпесе ғана назарға алынады.

9. Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) рыноктағы бағасын айқындау кезінде осы тауарларды (жұмыстар, көрсетілген қызметтерді) сату кезінде салыстырмалы жағдайларда ұқсас (біртектес) тауарлармен (жұмыстар, көрсетілетін қызметтермен) жасалған мәмілелер туралы ақпарат ескеріледі.

Ұқсас (біртектес) тауарлармен (жұмыстар, көрсетілетін қызметтермен) жасалған мәмілелер жағдайларының салыстырмалылығын айқындау кезінде мәмілелердің мынадай шарттары ескеріледі: жіберілген тауарлардың (мысалы, тауар партиясының көлемі) (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) саны (көлемі), әдетте осындай мәміле түрлерінде қолданылатын міндеттемелердің орындалу мерзімі, төлем шарттары, сондай-ақ бағаға әсер ете алатын өзге де шарттар ескеріледі.

10. Салық төлеуші ұқсас (біртектес) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша қолданған тоқсан шегінде баға деңгейінің едәуір ауытқуын айқындау кезінде байланысты емес тараптардың арасындағы мәмілелер жасау кезінде әдеттегі тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногындағы ұсыныс пен сұраныс факторларын ескеретін бағаға үстеме немесе шегерімдер ескеріледі.

Егер аталған шегерімдер жарамдылық мерзімі (күні тақап қалса) аяқталуымен

немесе тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) олар үшін жаңа рынокқа жылжуы кезінде, аналогы жоқ жаңа бұйымдардың рынокқа жылжуы кезіндегі тауар, маркетинг (баға) саясатын іске асырудан, сондай-ақ оларды тұтынушылармен таныстыру мақсатында тауарлардың тәжірибелік модельдері және үлгілерін сату мен байланысты туындаса, 3 тармақшада көзделген ережелер мәміле тараптары көрсеткен тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағасына қолданылмайды.

11. Тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) тиісті рыногында ұқсас (біртектес) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша мәмілелер болмаса немесе осы рынокта осындай тауарларға (жұмыстар, көрсетілетін қызметтерге) ұсыныс болмаса, сондай-ақ ақпарат көздеріне қол жеткізілмесе не жоқ болғандықтан, тиісті бағаны айқындау мүмкіндігі болмағандықтан, рынок бағасын айқындау үшін мынадай әдістер пайдаланылуы мүмкін:

1) Кейін сату баға әдісі, мұнда тауарлардың (жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің) рыноктағы бағасы осындай тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушы кейін сату (қайта сату) кезінде сатқан баға мен сатып алушының расталған шығындарының, сондай-ақ үстемесінің айырмасы ретінде айқындалады. Үстеме осы қызмет саласында қалыптасқан орташа пайда нормасын қамтамасыз ететіндей етіп белгіленеді;

2) Шығын әдісі, мұнда тауарлардың (жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің) рыноктағы бағасы жұмсалған шығын мен үстеменің сомасы ретінде белгіленеді. Мұның өзінде тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндірісіне (сатып алуға) және (немесе) тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді) сату, тасымалдау, сақтау, сақтандыру жөніндегі және өзге де расталған тура және жанама шығындар ескеріледі. Үстеме осы қызмет саласында қалыптасқан орташа пайда нормасын қамтамасыз ететіндей етіп белгіленеді.

12. Тауарлардың (жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің) рыноктағы бағасын айқындау және тану кезінде тауарларға (жұмыстар, көрсетілетін қызметтерге) рыноктағы баға және биржа котировкалары туралы ресми ақпарат көздері, мемлекеттік өкімет органдарының ақпараттық базасы және салық төлеушілер салық органына беретін ақпарат пайдаланылады.

13. Іс қаралған кезде сот осы тармақтың 4-13 тармақшаларындағы мән-жайлармен шектелмей іс үшін мәні бар кез келген мән-жайларды ескеруге құқылы.

14. Осы тармақтың ережелері жиынтық жылдық табысы 100 000 айлық есептік көрсеткіштен асатын салық төлеушілерге қолданылады.

Осы шектеу акциздеуге жататын тауарларды өндіретін және (немесе) сататын және (немесе) тауарларды экспорттайтын салық төлеушілерге, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 2-тармағы г) тармақшасында көрсетілген жағдайда

қ о л д а н ы л м а й д ы . " .

8 1 - т а р м а қ т а :

а) тармақшасында "100" цифры "50" цифымен ауыстырылсын.

Мынадай мазмұндағы "е" тармақшаларымен толықтырылсын:

"е) табыс төленген кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар мен жеке адамдардың табыс салығы сомаларының төлем көзінде ұсталмағаны үшін тиесілі салық сомасының 100 проценті мөлшерінде айыппұл салынады;" 4 қосымшада: үшінші абзацта "сондай-ақ тұрғын үй (саяжай) салуға" деген сөздер алып тасталсын; "Салық инспекциясына" деген сөздер "Салық органына" деген сөздермен ауыстырылсын; "салық инспекциясы" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын; "Анықтама N" нысанында соңғы абзацында "салық инспекциясы" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын; 7 қосымшада: "салық инспекциясы" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын; "инспекция атауы" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын. 8 қосымшада: соңғы абзацында "салық инспекциясының бастығы" деген сөздер "салық органының басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын; "инспекция атауы" деген сөздер "салық органы атауы" деген сөздермен ауыстырылсын. 11 қосымшада: "бөлім" деген сөз "орган" деген сөзбен ауыстырылсын. 12 қосымшада: "салық бөлімі" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын. "салық бөлімінің басшысы" деген сөздер "салық органының басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын. 14 қосымшада: "салық комитеті" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын. 14А қосымшада: "салық комитеті" деген сөздер "салық органы" деген сөздермен ауыстырылсын. 10-Б қосымша Төлем көзінде ұсталатын және тұлғалардың бірқалыпты есептелген табыс салығы бойынша есеп айырысу

[illegible]

13158,00	13158,00	8772,00	4386,00						
					13158,00		12863,00	295,00	13158,00
46109,00	5123,22	5123,22							
					46109,00	10246,44	5123,22	5123,22	
46109,00	15369,67	10246,	5123,22			44			
					46109,00	20492,89	15369,		
5123,22									
					46109,00	25616,11	20492,	5123,22	
46109,00	30739,33	25616,	5123,22			11			
					46340,93	35923,00	30739,		
5183,87									
					46417,16	41077,13	35923,	5153,93	
46103,00	46103,00	41077,	5025,87			13			
59261,00									

10-В қосымша Жеке тұлғалардан 1999 жылда табыс салығын ұстау жөніндегі кесте 1999 жылғы 1 қаңтардан 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін

Табысқа салынатын салық мөлшері	Салық ставкалары				
		1	2	3	
					1.15-
еселенген жылдық есепті	Салық салынатын кіріс сомасынан				көрсеткішіне
дейінгі	5 процент (1 485 теңгеге дейін)			(29 700 теңгеге дейін)	
					2.15-
еселенгеннен 30-еселенгенге	15-еселенген жылдық есепті				көрсеткі.
					дейінгі
жылдық есепті көрсеткіші	шімен одан асқан сомасына +10 про.			(29 700-ден 59	
400-ге дейін)	цент салық сомасы			(1 485 теңге 29 700 теңгеден асқан	
сомаға + 10 процент)					
					3.30-еселенгеннен 65-еселенгенге
					30-еселенген

жылдық есепті көрсеткі. | |дейінгі жылдық есепті көрсеткіші |шімен одан асқан сомасына +15 про. | |(59 400-ден 128700-ге дейін) |цент салық сомасы | |(4 455 теңге 59 400 теңгеден асқан | | |сомаға + 15 процент) | | |

| | | |4.|65-еселенгеннен 130-еселенгенге |65-еселенген жылдық есепті көрсеткі. | |дейінгі жылдық есепті көрсеткіші |шімен одан асқан сомасына +20 про. | |(128 700-ден 257400-ге дейін) |цент салық сомасы | |(14850 теңге 128700 теңгеден асқан | | |сомаға + 20 процент) | | |

| | |5.|130-еселенгеннен 350-еселенгенге |130-еселенген жылдық есепті көрсеткі | |дейінгі жылдық есепті көрсеткіші |шімен одан асқан сомасына + 25 про. | |(257 400-ден 693 000-ға дейін) |цент салық сомасы | |(40 590 теңге 257 400 теңгеден асқан | | |сомаға + 25 процент) | | |

| | |6.|350-еселенген жылдық есепті |350-еселенген жылдық есепті көрсеткі |көрсеткішінен және жоғары |шімен одан асқан сомасына +30 про. | |(693 000-нан және жоғары) |цент салық сомасы | |(149 490 теңге 693000 теңгеден асқан | | |сомаға + 30 процент) | | |

1999 жылғы 1 сәуірден 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін

| | |1 | 2 | 3 | | | |1.|15-еселенген жылдық есепті |Салық салынатын кіріс сомасынан | |көрсеткішіне дейінгі |5 процент (4 849 теңгеге дейін) | |(96 975 теңгеге дейін) | | |

| | |2.|15-еселенгеннен 30-еселенгенге |15-еселенген жылдық есепті көрсеткі. | |дейінгі жылдық есепті көрсеткіші |шімен одан асқан сомасына +10 про. | |(96 975-ден 193 950-ге дейін) |цент салық сомасы | |(4 849 теңге 96 975 теңгеден асқан | | |сомаға + 10 процент) | | |

| | |3.|30-еселенгеннен 65-еселенгенге |30-еселенген жылдық есепті көрсеткі. | |дейінгі жылдық есепті көрсеткіші |шімен одан асқан сомасына +20 про. | |(193 950-ден 420 225-ке дейін) |цент салық сомасы | |(14 546 теңге 193 950 теңгеден асқан | | |сомаға + 20 процент) | | |

| | |4.|65-еселенген жылдық есепті |65-еселенген жылдық есепті көрсеткі. | |көрсеткішінен және жоғары |шімен одан асқан сомасына +30 про. | |(420 225-тен және жоғары) |цент салық сомасы | |(59 801 теңге 420 225 теңгеден асқан | | |сомаға 30 процент) | | |

| Ескерту: "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы N 318-І Z980318_ Қазақстан Республикасы Заңы белгілеген 1999 жылға айлық есепті көрсеткіштер мынадай мөлшерде: І тоқ.-660 теңге, ІІ тоқ. -

715 теңге, III тоқ.-715 теңге, IV тоқ.-725 теңге. Жылдық есепті көрсеткіші:
I-салық кезеңі-1980 теңге. II салық кезеңі -6465 теңге. Оқығандар: Умбетова А.М.
Н а р б а е в Е . А .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК